Бекітемін
№29 «Әлі-Кәрім» бөбекжай
Бақшасының меңгерушісі:
А.И. Хожамуратова

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі

# «Теңізге саяхат»




«Шұғыла» 3-жас тобы
2020ж

Тәрбиеші: Бегалиева.А

# Ашық ұйымдастырылған оқу іс әрекетінің технологиялық картасы

**Тобы: «Шұғыла» ортаңғы топ**

**Білім бөлімі:«Таным», «Қатынас», «Шығармашылық».**

**Білім аумағы:Тіл дамыту», «Құрастыру», «Қоршаған ортамен таныстыру».**

**Тақырыбы: «Теңізге саяхат»**

**Өткізілетін күні: 28.04.2021ж**

**Мақсаты:Балаларға теңіз туралы мағлумат беру ,ойын арқылы теңіз туралы түсініктерін бекіту,таным қызығушылықтарын арттыру**

**Міндеті:Балалардың қоршаған орта туралы білімдерін кеңейту,табиғат құбылыстары туралы түсініктерін дамыту.**

**Көрнекіліктер:Слайд, Сиқырлы қалам, кеме, балықтар ,дельфин , Шағала.**

**Алдын – ала жұмыстар: Су әлеміндегі тіршілікті әңгімелеу.**

**Инклюзивтік әлеумет:Алдиярға кемпірқосақты 3 тілде қайталап айтқызу**

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиеші қызметі | Балалар қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы қозғаушы қызмет түрі | Тілек шеңбері<br>Күннің көзі ашылып<br>Көкке шуақ шашылсын<br>Құтты конақ келіпті<br>Төрімізге еніпті<br>Амандасу үлкенге<br>Тәрбиенің басы ғой<br>Ал кәнекей бәріміз<br>Сәлем дейік үлкенге<br>Сәлеметсіздерме ұлағатты ұстаздар!!! | Балалар шеңбер құрып іс – қимылмен өлең шумақтарын қайталайды. |
| ұйымдастыру – ізденушілік | Т:Балалар бүгінгі күніміз ерекше болмақ ол үшін барлығымыз ,экранға назар аударайық.(Мнемо таблитца) | Таблицаға қарап балалар жауап береді. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Балалар біздер тәжірибе жасап көрелік ,суда кеме неге батпайды?**<br>. Ендеше балалар, дәл осы кемемен саяхатқа аттануға қалай қарайсыңдар. Саяхатқа аттанбас бұрын техникалық қауіпсіздік сақтап, белдемшелерімізді киеміз.<br>**Б:** Достар бірге жүреміз,<br>Бірге ойнап күлеміз.<br>Міне біздер қандаймыз,<br>Өзен, көлге теңізге<br>Саяхатқа шығамыз,<br>Әрқашанда біргеміз,<br>Бөлінбейді іргеміз.<br>Тәр:Бәрекелді балалар, !<br>Жоғарыда ұшқан не? .<br>**Т:** Бұл жай шағала емес бейне таспасы бар шағала екен, қане бәріміз бейне таспаға назар аударайық мұнда не көріп тұрсыңдар?<br>**Музыка әуенімен, ғажайып сәт**.<br>**Қарақшы:**Мені құтқарыңдар, маған көмектесіңдер.<br>Балалар қарақшыны арқанмен судан тартып алады.<br>**Қар:** Менің кемем суға батып кетті. Сендерге рахмет балалар, мен сендерді бір керемет жерге алып барайын (теңізде жүзеді).<br>Слайдтан кемпірқосақ.<br>**Қар:** Табиғат көрінісіндегі ең әсерлі құбылыстардың бірі ғой, бұл не екенін білесіңдер ме?<br>**Т:** балалар кемпірқосақ үш тілде қалай аталады.<br><br>**Т:** Кемір қосақта неше түс бар?<br>**Т:** Кәне балалар сиқырлы қалам көмегімен кемпір қосақтың түстерін атап шығайықшы!<br><br>Слайдтан көрсетіп 7түсті түгендеу.<br>**Қ:** балалар сендерге қандай түстер ұнайды?<br>**Қар:** Не себепті ол 2 ғана түс?<br>**Қар:** Дыбыстар екі бөлінеді ме?<br>Дыбыстар қалай бөлінеді?<br>Дауысты дыбыстар қандай түспен белгіленеді?<br><br>Ал, дауыссыз дыбыстар қандай түспен белгіленеді? | **Балалар желіммен қайық жасап ,оны суға жібереміз.(Су ішетін түтікше ,шар, желім,жіп қажетті заттар)**<br>**Балалар қауіпсіздік белдемшелерін киеді.**<br><br>**Өлең шумақтарын бірлесе айтады.**<br><br>- **Бұл теңіз құсы шағала**<br><br>- **Теңізді ,**<br>- **Теңіз тіршілігін**<br><br>**Кемпірқосақ**<br><br>- **Кемпірқосақ Радуга**<br>- **Риенбау**<br><br>- **Балалар сиқырлы қалам көмегімен жұмыс жасайды**<br><br>- Қызыл<br>- Көк<br>- Сен білмейсің бе қарақшы дыбыстар екіге бөлінеді ғой<br><br>- Дауысты дыбыстар және дауыссыз дыбыстар<br><br>- Дауысты дыбыстар қызыл түспен белгіленеді. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Қар:** Сендер өте ақылды екенсіңдер. Мен дыбыстардың қандай түске боялатынын білмейді екенмін ,енді білетін болдым.<br><br>Ал сендер теңіз тіршілігі туралы не білесіңдер. ?<br><br>**Қар:**(, жатқан дельфинді тұрғызу). Мынау қандай балық?<br>**Тәр:** Балалар дельфин бізге тапсырма әкеліпті.<br>**Қар:** сендер дельфиннің тапсырмасын орындай алмайсыңдар.<br>**Қар:** Мен дельфиннің логикалық тапсырмасын таба алмағанмын.<br>**Тәр:** Кәнекей балалар, тапсырманы тыңдап көрейік, өзімізді сынайықшы.<br>**Логикалықсұрақ**<br>**1.** Сегіз аяқтың неше аяғы бар<br>**2.** Ағаш басында екі шортан балық бар еді,Аминаның жем шашқанын көріп ,Бір шортан балық жерге қонды.Ағаш басында неше шортан балық қалды<br>**3.** Үлкен ,орташа және кіші мақтаншақ пингвиндер болыпты,олар бір – бірімен жарысқанды жақсы көреді екен. Бір күні ең биік ағашқа кім бірінші болып ұшудан жарысыпты,қалай ойлайсыңдар,қайсы пингвин жеңеді?<br>**Қар:** Ой сендер мықты екенсіңдер, бірақ сендер балықтың тапсырмасын орындай алмайсыңдар.<br>**Тәр:** Ол тапсырмасында орындаймыз.<br>5 – сұрақ. Үлкен – кіші<br>Көп – аз<br>Балықтың атаулары<br>Санау, кері санау<br>**Тәр:** Жарайсыңдар балалар, бір серігіп, бойымызды жазып алайық, «Теңіз толқыны» ойынына қалай қарайсыңдар.<br>Теңіз толқиды бір<br>Теңіз толқиды екі<br>Теңіз толқиды үш<br>Қимылдаған балаға, тапсырманы бере түс. (Қатып қалу) Күлген немесе | - Дауыссыз дыбыстар көк түспен белгіленеді, теңізде түрлі су жануарлары тіршілік етеді.<br><br>Бұл дельфин<br><br>Орындай аламыз<br><br>Сегіз аяқтың, сегіз аяғы бар<br><br>Шортан балық ұшпайды ,ол суда өмір сүреді<br><br>Пингвин қанаты бар ұша алмайды .олар суда тіршілік етеді.<br><br>Дельфин үлкен .<br>Балық көп<br>Шортан балық ,<br>Сазан балық<br><br>Балалар іс қимылмен ойынды ойнайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | кимылдаған бала теңіз туралы өлең шумақтары.<br>1 – бала<br>Біз келеміз кемеде<br>Су бетінде тербеліп<br>Соқса егер салқын жел<br>Дем аламыз  тыныстап<br><br>2-бала<br>Суда балық жүзеді<br>Қанатымен еседі<br>Үйірімен топтасып<br>Көлден  көлге көшеді<br>3-бала<br>Теңізге  мынау қарашы<br>Жетпейді көздің шарасы<br>Кетпейді боп тұр астасып<br>Аспан жердің арасы<br><br>**Қар:** сендермен саяхаттау өте қызықты екен, жағаға келіп қалғанымды да білмей қалдым.<br>Жағаға келдік.<br>**Тәр:** Қар – шы біздің балалар тапсырмаларды орындап қоймай, шығармашылық аланда өздерін  нағыз шебер ретінде көрсете алады.<br>**Қар**: Ендеше байқап көрейік.<br>Шығармашылық алаң.<br>2 топқа бөлінеді.<br>**Тәр:** бүгінгі саяхаттан алған әсерін, жасаған жұмыстарынан байқап көрейін.<br>1 – топ. Қалдық заттардан (желіммен , мата, су ішетін түтікше) кеме жасау.<br>2 – топ дәл солай қалдық заттардан (рулет қорапшасы, су ішетін түтікше, мақта.) кемпірқосақ бейнесін жасау.<br>Қар: Балалардың жұмысына риза болып,<br>-Балалар сендердің ақылдарыңа және өнерлеріңе риза болдым, маған тағы көмектерің керек болып тұр.<br>**Тәр:** Әрине, біз келісеміз ғой балалар.<br>**Қар:** Менің қазыналы сандығым бар, - деп шығарады, - бірақ мен бұл сандығымды басқалар ашып қоймасын деп, лабиринт ойны арқылы құпия кілтті жасырып қойып едім, енді оны аша алмаймын, себебі жолын ұмытып қалдым, осы құпия жолды табуға көмектесіңдерші. | Ясмин  кеме туралы  өлең шумағын айтады.<br><br>Назгүл балық туралы өлең шумағын айтады<br><br>Алмас теңіз туралы өлең шумақтарын айтады.<br><br>Балалар теңіз жағасына жүргендей сезінеді<br><br>Балалар Шығармашылық аланға келді.<br><br>Балалар шығармашылық аланда тәрбиешінің түсіндірме жұмыстарынан кейін  іс әрекетке кіріседі.<br><br>Балалардың назары сандықшада болады<br>Балалар қарақшыға көмек беруге келіседі<br>(таратпа құрал таратылады)<br><br>Таратпа құралмен жұмыс жасауға жағдай жасау. |

| | | |
|---|---|---|
| | | |
| **Жетекші – жөндеуші** | **Балаларды мадақтау.**<br><br>**Ойын: «Лабиринт»**<br>**Тәр: Балалар қазыналы сандықты ашу үшін кілтпен ашамыз, Ал бұл қарақшының кілтті.Біз сұрақтарға дұрыс жауап берсек кілт дұрыс бағытта жүреді**<br>**Көктем мезгілінде қандай өзгерістерді білеміз?**<br>**Саяхатқа қайда шықтық?**<br>**Кімге көмектестік?**<br>**Бейне таспаны қандай құстың көмегімен көрдік?**<br>**Дельфиннің қандай тапсырмасын орындадық?**<br>**Ал балықтың ше?**<br>**Шығармашылық алаңда не істедік?**<br><br>**Балалар тапсырманы дұрыс орындап сандық ашылады.**<br>**Қар: Рахмет сендерге балалар, алғысым ретінде осы қазынаммен бөлісемін.**<br>**Тәр: Балалар біз қарақшыға көмектестік, бәрекелді.** | **Қар еріп күн жылиды**<br><br>**Ағаштар бүршік атады**<br>**Құстар жылы жақтан ұшып келеді**<br>**Теңізге кемемен шықтық**<br>**Қарақшыға көмектестік**<br>**Теңіз құсы шағаланың көмегімен көрдік**<br>**Дельфиннің логикалық тапсырмасын орындадық**<br>**Аз – көп**<br>**Үлкен – кіші**<br>**Санау , кері санау**<br>**Қалдық заттардан(желім , су ішетін түтікше, мата, ермексаздан) кеме жасадық**<br>**Қалдық заттардан (рулет қорапшасы серіппе сыммен,мақта ,ермексаздан ) кемпірқосақ бейнесін жасадық** |

**Күтілетін нәтиже:**

**Білуі қажет: Көктем мезгіліндегі табиғат құбылысындағы ерекшеліктерін білді**

**Қалыптасқан түсініктер:Теңіз тіршілігін толық меңгерді.**

**Орындаушылық қабілеті:Теңіз туралы танымдық қабілеті артты ,тілдік қоры молайды Шығармашылық жұмысты ұқыптап жасауды біліп.сұраққа жауап берді.**